

Издаётся с 20 декабря 1999 года

Саран газеті

ЕЖЕНЕДЕЛЬНАЯ ГОРОДСКАЯ ГАЗЕТА

21 октября
2022 года
ПЯТНИЦА
№ 84-85 (1477-1478)



Будьте в курсе городских событий *Еще больше новостей* Читайте нас на сайте sarangazeti.kz, а также в sarangazeti sarangazeti

20 қараша
2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЙЛАУЫ

Әр азаматтың
дауысы маңызды!

20 ноябрь
2022

ВЫБОРЫ ПРЕЗИДЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Важно голос
каждого!

Құрметті тұрғындар және қала қонақтары!

Баршаларыңызды ұлттық мереке - Республика күнімен құттықтаймыз!

2022 жылдың 16 шілдесінде Ұлттық құрылтайда Қазақстан президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ұлттық мереке мәртебесін Республика күніне қайтаруды ұсынды. 1990 жылы 25 қазанда Қазақстанның егемендігі туралы декларация қабылданды. Бұл еліміздің тәуелсіздік жолындағы тұңғыш қадамы болатын. Республика күні елдің мемлекет құру жолындағы тарихи қадамының символы болуы керек», - едеген болатын мемлекет басшысы.

Иә, дәл осы 1990 жылғы 25 қазанда еліміздің егемендігі жарияланып, Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретіндегі саяси-құқықтық негіздері бекітілді.

Мерекелік күнтізбедегі Республика күнін қайта жаңғырту - бұл жаңа Қазақстанның ұрпақтарының өз бастаулары мен сабақтастығын мойындауының, халқымыздың тарихи еңбегі мен ерік-жігерін құрметтеуінің символы.

Құрметті тұрғындар және қала қонақтары!

Еліміздің мәртебесі биіктеп, әлемге шарықтай беруіне деген ыстық ықыласымды жеткіземіз. Еліміздің дәулеті, жеріміздің сәулеті жолындағы игілікті істеріңіз табысты болсын!

Бұл күн - ата - бабамыз аңсаған арманның жүзеге асқан, елімізге еркіндік сыйлаған Ұлы күн. Осындай маңызы бар тарихи думанда еліміздің туы асқақтап, келешегі өркейе берсін. Сіздерге мықты денсаулық, отбасыларыңызға бақыт, сәтті күндер, зор жетістіктер тілейміз!

Е. ТЕМИРХАНОВ,
Саран қаласының әкімі

Ө. БАЙМАҒАНБЕТОВ,
Қалалық мәслихаттың хатшысы

Уважаемые жители и гости нашего города!

Поздравляем вас с национальным праздником – Днём Республики!

Как известно, Глава государства на первом заседании Национального курултая 16 июня 2022 года в Улытау предложил восстановить статус Дня Республики и отмечать 25 октября как национальный праздник, отметив, что: «25 октября 1990 года была принята Декларация о государственном суверенитете Казахстана. Это был первый шаг нашей страны на пути к Независимости. День Республики должен стать символом смелого шага страны к государственности».

Именно 25 октября 1990 года Казахстан впервые заявил о себе как об уникальном территориальном субъекте, имеющем собственное мировоззрение, индивидуальные обычаи, традиции, а также видение своего будущего.

Возрождение Дня Республики в праздничном календаре - это символ признания поколением Нового Казахстана своих истоков и преемственности, уважения исторических заслуг и воли нашего народа.

Знаменательно, что сегодня в нашем городе живут и трудятся люди, объединённые одной мечтой – приложить все усилия для того, чтобы родной город процветал, а его имя занимало достойное место среди уже известных регионов республики.

Уважаемые жители и гости нашего города!

Примите искренние пожелания мира, добра, счастья, благополучия, успехов во всех начинаниях и уверенности в завтрашнем дне! Пусть процветает и крепнет наша любимая Родина – Республика Казахстан!

Е. ТЕМИРХАНОВ,
аким города Сарани

О. БАЙМАҒАНБЕТОВ,
секретарь городского маслихата

КО ДНЮ РЕСПУБЛИКИ



МОЛОДЫЕ ДЕРЕВЦА ПОСАЖЕНЫ!

Надежда ЦХАЙ

В канун Дня Республики в нашем городе состоялась городская акция по посадке деревьев, которая проводилась в рамках массовых экологических акций под эгидой «Жаңа Қазақстан. Таза табиғат».



Десятки саженцев молодой березки были посажены на территории Центрального парка, возле стадиона «Сұңқар», чтобы весной превратиться в настоящие красивые пышные деревья и стать еще одним украшением любимого города.

Доброе начинание поддержали аким нашего города Е. Темирханов, секретарь городского маслихата О. Баймағанбетов, председатель городского суда Т. Экзеков, прокурор Сарани Ж. Накишев, руководитель

Управления государственных доходов Б. Копеев, депутаты городского маслихата, члены Общественного совета, заместители акима Е. Оспанов и А. Сулейменов, представители Совета ветеранов и государственных учреждений, волонтеры.

И хотя погода выдалась пасмурная, тем не менее, настроение у всех участников акции было бодрое и отличное. И представители старшего поколения, и молодежь приняли самое активное участие в прошедшей акции, стараясь внести посильную лепту в озеленение

родного города.

Своим мнением поделились и участники акции:

Ж. Тоқушева, председатель Совета ветеранов г. Сарани:

«Мы, члены Совета ветеранов, также приняли активное участие в этой акции. Сразу отмечу, что акция очень понравилась, я получила огромное удовольствие. Мы вместе с молодежью сажали деревья, получилась такая преемственность поколений. Конечно, очень хочется, чтобы все саженцы принялись, а для этого их нужно своевременно поливать и ухаживать за ними. Раньше наш город считался одним из самых зеленых, и сейчас, думаю, в наших руках сделать его таким же. Пусть посаженные деревца превратятся в большие пышные деревья. Я очень рада, что среди деревьев будет и наше, посаженное членами Совета ветеранов».

С. Аканова, руководитель

Молодежного ресурсного центра:

«Такие акции, как сегодня, очень нужны для жителей нашего города, особенно молодежи. Радует, что студенты Саранского высшего гуманитарно – технического колледжа имени А. Кунанбаева откликнулись на наш призыв и приняли самое активное участие. Это ребята – учащиеся второго и третьего курсов. Такие акции – это достойный пример для нашей молодежи, которая принимает эстафету от старших товарищей не только по озеленению и благоустройству любимого города, но и видит бережное позитивное отношение ко всему, что создается заботливым трудом горожан».

Ну что ж, молодые деревца, которые в будущем станут полноценными деревьями, посажены. Дан старт еще одному зеленому скверу на радость тысяч горожан!



В ТВОЙ ПРАЗДНИК



В твой праздник говорю проникновенно
Тебе одной заветные слова.
Ты моя жизнь, надежда, вдохновенье,
Республика любимая моя!

Хочу чтоб ты во всех делах блистала,
Чтоб светел был твой взгляд, твои дела.
Преграды на пути чтоб не встречала,
Под шаныраком солнечным жила!

И пусть летят столетья, как мгновенья.
В тебя я верю. В силу, мощь твою.
За теплоту твою, гостеприимство,
За песнь степей, за все благодарю!

...Благодарю за мудрый праздник твой.
Связавший нас единою судьбой!

Т. Стрельчук

ПАТРИОТ

Как не любить безоблачное небо?
Бескрайней золотой степи простор?
И каждый раз, как далеко б ты не был,
К родным краям ты устремляешь взор.

И ты болеешь за спортсменов сборной,
В народной песне слышишь глубину.
С щемящей нежностью любишь на город,
В душе гордишься за свою страну.

Ведь для тебя дороже нет Отчизны,
И за нее готов ты жизнь отдать.
Ты — патриот, коль от рожденья и до тризны
Земля родная, как родная мать.

БЛАГОДАРЮ

Благодарю тебя, прекрасная земля,
За солнца луч, за широту просторов,
За мир, за чистоту твоих законов,
За то, что твой народ как дружная семья.

Благодарю тебя, гостеприимная земля,
За тот уют, что ты дала другим народам,
Когда казахи в те лихие годы
Делились хлебом, согревая у огня.

Благодарю тебя, казахская земля,
За те возможности, что мы сейчас имеем,
За то, что перед нами все открыты двери:
Тебе спасибо, Родина моя!

АБАЙ

Поэзия Великого Абая —
Напутствие от предков сквозь века.
В ней суть божественного мирозданья,
А мысль заложена безмерно глубока.

Она вне времени, потомкам назидание,
И мудрости стремительный полет.
Казахского искусства достояние,
Невежества и чванства антидот.

Поэзия придать способна силы
Поднять с колен любимый сердцу край.
И ученик Великого акына
Кудайберген — наш молодой Абай.

Стихотворения Ю. Селивановой

ПОЮ МОЕ ОТЕЧЕСТВО - РЕСПУБЛИКУ МОЮ



25 октября для нашей страны - одна из важнейших дат. Именно в этот день в 1990 году была принята декларация о суверенитете Казахстана. Мы живем в дружном, многонациональном государстве, в котором главная ценность - единство народа Казахстана. И праздничные поздравления в этот день подчеркивают значимость этого праздника для каждого казахстанца, выражение их любви и гордости за свою страну, город, отчий дом!



Республика күнімен құттықтаймын, Егеменді, тәуелсіз қазақ елін. Тыныштығың сақталып, қуанышың, Жарқырай бер, жайнай бер ғажап елім. Қуанышың, шаттығың сарқылмасын, Азаттықтың ақ таңы күлім қағып. Егеменді еліміз мәңгі болсын, Тәуелсіздік тұғыры жымың қағып. Ортаимасын ынтымақ, бірлігіміз, Сыйластықта жүрейік әрбір қазақ. Республика күнін бұл тойлайық бір, Елімізде болып әр іс бәрі ғажап.

*Г. Кулкаева,
председатель Совета матерей Актас*



В истории каждого государства есть особенно важные, ключевые события. И, безусловно, важнейшей из них является 25 октября 1990 года, когда Казахстан принял Декларацию о государственном суверенитете. За годы суверенного развития Казахстан провел ряд кардинальных преобразований в экономике, социальной и общественно-политической жизни государства. Главная наша ценность — люди, которые своим трудом, бережным отношением к истории и традициям, прославляют родную землю. Сегодня подрастает новое поколение, впитавшее дух свободы, успеха и победы, которое своими творческими, интеллектуальными достижениями, добрыми делами прославляет наш Казахстан!

Общественное этно – культурное объединение «Якташлар» поздравляет вас, дорогие земляки, с этим великим историческим событием – Днём Республики Казахстан!

Желаем всем, каждой семье, вашим близким и друзьям благополучия, счастья, здоровья, осуществления всех ваших желаний на благо нашей Родины – Республики Казахстан!

*А. Святоха,
руководитель ОЭКО «Якташлар»*



В прекрасную, осеннюю пору наша страна отмечает замечательный праздник - День Республики! В этот день мы по-особенному чувствуем свою причастность к Родине, к родной земле. Праздник сближает, делает нас еще сильнее и мудрее. Хочется дарить улыбки, говорить добрые, проникновенные слова. А какой праздник без друзей? Ведь недаром казахская пословица гласит: «Друзей много - шире дорога». Пусть будет гостеприимным наш общий дом и щедрым дастархан, накрытый в нем. Всем счастья, мирного неба, радости и добра!

*Ш. Топаета,
пенсионер*



Осень! В ней столько ярких красок и светлых праздников. Один из них - День Республики. В этот день мы дарим друг другу наши улыбки, праздничное настроение. И оно передается от сердца к сердцу. Ведь праздник такой чистый, добрый, объединяющий!

Всем нам, казахстанцам, мирного неба, теплого, благословенного шанырака, и много-много счастья!

С праздником!

*Е. Рогожина,
жительница города Сарани*



День Республики! Праздник, так много значащий для каждого из нас. В нем - наши надежды, вера, любовь. Любовь к городу, к Родине, к родной земле. Все это бесценно, как отчий дом, родные и близкие нам люди.

Пусть он будет расцвечен яркими, незабываемыми красками осени, а жизненная дорога наполнена неповторимыми встречами, добрыми делами и поступками.

С праздником!

*С. Елемисова,
директор такси «Пирамида»*

■ РЕСПУБЛИКА КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА



ҰЛЫЛАР МЕКЕНІНЕН ҰЛЫ МАҚСАТПЕН ОРАЛДЫҚ

А. Кәдірбаева,
Абай Құнанбаев атындағы СЖГТК ҚТӘ-9-21
тобының студенті

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы ұлттық санаға серпіліс әкеліп, алаштың өзін-өзі тануға жол ашты. Әсіресе «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы жалпыұлттық қасиетті орындардың бірыңғай картасын жасауға септесті. Кейде адам өмірінің мәнін арттырып, жанын шабыттандыратын тамаша сәттер болады. Соның бірі мен үшін биылғы күзде орын алды. 5-7 қазан күндері Семей мұғалімдер семинариясының түлегі, Қазақ КСР Ғылым Академиясының академигі, қоғам қайраткері, қазақ әдебиетінің классигі М.О. Әуезовтің 125 жылдық мерейтойы аясында «Әуезов әлемі» атты танымдық шығармашылық фестиваль өтті. Қарағанды облысы Саран қаласы 100 жылдық тарихы бар Абай Құнанбаев атындағы Саран жоғары гуманитарлық-техникалық колледжі Қасимова Б.С., Мұфталова А.Қ жетекшілігімен «Сөз құдіреті» мәнерлен оқу байқауына қатысып «Алғыс хатпен» марапатталдым. Бұл байқау мен үшін үлкен тәжірибе. Келесі үш күндік саяхат керемет қызыққа толы өткенін тілмен айтып жеткізе алар емеспін.

Ақпараттық технологияның дамуы бізді бүкіл әлеммен байланыстырып, өркениетті елдердің озық тәжірибесімен танысуға жол ашты. Осындай сәтте санамызға рухани серпіліс ауадай қажет екенін ұғынып, ұлттық әдебиетті классикалық деңгейге жеткізіп, әлемдік дәрежеге көтерген тұлғаларымызды ұлықтап, олардың жақұттай асыл мұраларын жас ұрпаққа насихаттауды ешқашан тоқтатпауымыз керек. Міне, осы бағытта белгілі М. Әуезов атындағы педагогикалық колледждің директоры Жанаева Шағангул Алдамжаровнаның ұйымдастыруымен биылғы қазан айында ұлы Абайдың туған жеріне экскурсиялық сапармен Сыр елінен бір топ ұстаз шәкірттермен бірге барып, Шыңғыстаудың үш шыңы атанған ұлылар мекеніне тағзым етіп қайттық.

Абай елін көру кім-кімнің де арманы. Мен де көптен көздеген мақсатыма жетіп, айбыны асқақ алыптар мекені – Шыңғыстау бауырындағы қойнауы құтты қарт Семейге табаным тиді. Семейге саяхатқа барамыз десек: «...ол жақтан не көрем деп бара жатсыңдар..?» – деп таңқалды бір жолаушы. «Онда Абай бар емес пе?» – дедік біз де жұлып алғандай, құдды атамыз алдымыздан күтіп тұрғандай.

Расында Семей десе, көпшіліктің көз алдына жарылыстан азып-тозған, сары дала елестейді. Бұл да заңдылық. Ұлы Абайдың елі неше жыл сынақ алаңына айналғаны өтірік емес. Алайда бұдан бұрын ол жер Шыңғыстаудың үш шыңы атанған Алаш алыптарының алтын бесігі емес пе еді?!

Эксперсия бойы мен жер дүниені сілкінткен атом сынағы тірілер түгілі өлілердің де сүйегіне маза бермегенін еске алдым. Иә, мен үшін Семей жарылыс алаңы емес, ұлы руханиятымыз тамыр жайған, алып тұлғалардың кіндік қаны тамған алтын бесік. Кәрі Шыңғыста дүниеге

келіп, күллі қазаққа ортақ ұлы Абайды балалықтан даналыққа жетелеп, өлмес ғұмыр сыйлаған, талбесігі мен жербесігі де сол арадан бұйырған киелі топыраққа шын ниетіммен тағзым еттім. Ұлы Абайдың қалың елі қазағы үшін қайғырып, мыңмен жалғыз алысып, бүкіл саналы өмірін



өткізген қасиетті өңірдің әрбір құба белі, жазира даласы, Шыңғыстаудың шын-құзы сырға тұнып тұрғандай. Бірі Абайдың балалық шағын жыр етсе, бірі оның ғашықтық хикаяттарынан сыр шертеді, енді бірі ақынның сыршыл, ойшыл өлеңдерін жеткізеді. Бәрін жүрегіммен тындап, тереңіне үңілдім. Осы сапарда Абайдың қайғысы мен қуанышын, сыры мен мұңын, Абай трагедиясын жан-жүрегіммен сезініп қайтқандай болдым.



Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романын қайта оқып, тереңіне әлде де бойлай түстім. Ел мен жердің әңгімесін қайта тұшынып ұғу қажеттігін түсіндім.

Семейдегі Абай музейінен басталған сапар Жидебайда жалғасын тапты. Жолай Мұхтар Әуезовтің «Қорғаныс күні» шығармасының бас кейіпкері Ғазизаның бейігіне, қос ғашық Еңлік-Кебек ескерткішіне ат басын бұрдық. Жидебайдағы Абайдың мемориалдық

тарихи музейін аралап, Абайды әлемге танытқан заңғар жазушыны да назардан тыс қалдырмадық. Бізді Абай әлемімен жақындастырып, оның өмір сүрген заманындағы тарихи оқиғалармен, дәуір келбетімен таныстырып, шебер суреттеп жеткізген. Және бір байқағаным Семейдегі Абайдың мемлекеттік мәдени-тарихи музейінің директоры Мұрат Оспанов, Алаш арыстары, Мұхтар музейінің басшылары мен қызметкерлері, М.О. Әуезов атындағы педагогикалық колледж мұғалім, студенттері барлығы дерлік патриот. Халқының тарихының өнегелі жолдарын білу, өз елінің қаһармандарын мақтаныш ету, олардың ерлігіне бас ию, оларға сай болу патриотизмнің, патриот болудың басты міндеттері. Сіздерді лайым Алла ақ жолынан адастырмай, қасиетті бабалар рухы қолдасын дейміз.

Қазақ даласының қай жері болмасын тарихқа бай, шежіре сырға толы. Семейге экскурсияға барғанда, тағы бір қайран қалдырған кереметтің бірі – қонақжайлылығы, қай жерге тоқтасақ та болмасын ақ дастарханы жайылып күтуі және халқы құдды бір туысымдай болып кетті.

Мен бұл сапардан жүрегіме көп нәрсе түйдім. Халқының тарихының өнегелі жолдарын білу, өз елінің қаһармандарын мақтаныш ету, олардың ерлігіне бас ию, оларға сай болу патриотизмнің, патриот болудың басты міндеттері болған қарт Семей қазақ руханиятының тамырын тереңге бойлатқан қазыналы өлке. Сондағы Абай жаққан жарық сәуле күллі қазақтың жүрегіне нұр болып құйылып, ұлы дала елінің көркейіп, өркендеуіне нәр беріп тұрғандай.. Сапарымыз соңына келіп қоштасатын сәтте келді. Көзімізге ыстық жас келді. 3 күн 3 сағаттай зу ете шықты. Қимастық басым..... бір бірімізге бауыр басып қалдық. Туысқандай болып кеткен жандармен қоштасу оңайға соқпады. Ұлылар туған өлкеге жасаған саяхатымыз сәтті аяқталып, мол рухани біліммен қанаттанып қайттық.

■ РУХАНИЯТ

РУХАНИ КЕЛІСІМ - БЕЙБІТШІЛІК ТІРЕГІ

А. МУСИНА,
№3 кітапхана бөлімшесінің кітапханашысы

Адам күні адаммен, жалғыз жер- ана көтерер, Адам заңы татулық, көк аспан мен көгерер - деген ой пікірмен бастасам, бүкіл елге, бүкіл ұлтқа татулық, бірлік нышаны атты тілекпен бейбітшілік өмірге, әр жер бетіндегі адамзатты үндеуге, біріктіруге, бірлікке шақырамын десекте болар. Сондықтан қазіргі тарихымызға үңілсек өте қыйын жағдайда тұрғанымыз мәлім.

Ал бейбітшілікте өмір сүру татулық, бірлік, ұстамдылық, мәдениеттілік, имандылық, инабаттылық, салмақтылық, патриоттылық, төзімділік, мейірімділік, қайырымдылықты бойымызда сақтау. Осындай үлкен ғалам шарда бейбітшілікпен келісімде өмір сүру үшін әр адам бірінші өзінен бастау керек. Шаңырағымыз берік, тұғырымыз биік болсын десек, жеріміз бір, аспанымыз бір деген ой қалыптастырған дұрыс болар еді, бір Отаным, бір елім деп қана емес. Қазақстанда 1992 жылдың 18 қазанында ресми түрде «Рухани келісім» күні болып бекітілді. Қазақстан деген шаңыраққа тоғысқан көп ұлтты халықтардың арасында ауызбіршілік

, дініне деген тіліне деген сыйластық орнаған. Ұлтаралық қақтығыстарға жол жоқ. Әрине 18 қазан Рухани келісім күні болып аталғанмен жүректен сезіне орындап жүрмізбе?

Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселелерінің бірі, жас ұрпаққа рухани тәрбие беру. Рухани тәрбие, ол адамзат баласының бойында болуға тиісті ұғым. Келер болашағымыз жастардың қолында екенін ұмытпауымыз керек. Жастарымыздың тәрбиелі инабатты болуына біздер аға буын жете назар аударып, балаларымыздың дұрыс жолдан таймауына септігімізді тигізіп, дұрыс бағыт бағдар беріп отырсақ, болашағымыздың жақсы болатынына



келіп бола алар едік. Ендеше балаларымызға бір-біріміздің сағт дәстүрімізді, дінімізді, менталитеттерімізді сыйлауды үйретейік. Біздің №3 кітапхана бөлімшесінде рухани білімділікті арттыратын, татулыққа, достыққа, сыйластыққа шақыратын кітаптар жиынтығы бар. Жастар кітап оқымайды деп кінәләмей өзімізден

бастайық. Кітапхана есігін ашатын орта буын некен-саяқ. Ата-анасы кітап оқып үлгі көрсетсе, бала бұлда бір рухани азық екеніне көз жеткізе алады. Кітапханаларымызда қай салаға болса да керекті кітаптар тұнып тұр, жаңа үлгілеріде, керек десенділер ескіше үлгілері де бар. Қыздарымыз қылықты, ұлдарымыздың ұлықты болсын.



ХАЛЫҚ АСПАПТАРЫ – ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТІМІЗДІҢ МӘЙЕГІ

Шапағат ҚОСШЫҒҰЛОВ

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ КӨЗ ЖЕТПЕС КЕҢІСТІГІНДЕ ЕРКІН ТЫНЫСТАП, ТАБИҒАТПЕН ТІЛДЕСЕ ОТЫРЫП, ОНЫҢ ЗАРЫ МЕН МҰҢЫН, ҚУАНЫШЫ МЕН ҚЫЗЫҒЫН СЫҢҒЫРЛАҒАН СУДАН, ӨПКЕН САМАЛЫНАН, ЛЕБІНЕН СЕЗГЕН ДАРХАН КӨҢІЛ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ЖҮРЕГІНДЕ ӘУ БАСТАН-АҚ ДАЛА ҮНІ СЫР ШЕРТКЕНІ АНЫҚ. КЕЙДЕ АДАМ БАЛАСЫ ӨЗІНІҢ ІШКІ ЖАН ДҮНИЕСІН АҚТАРЫП, СЫРТҚА ШЫҒАРУДА САЗ ӘЛЕМІМЕН ҮН ҚАТАДЫ. МУЗЫКА – МАХАББАТ ОТЫНА ШЫРМАЛЫП, АЛАЙ-ДҮЛЕЙ БҰЛҚЫНҒАН ЖҮРЕКТІҢ ДЕ, МҰҢҒА БАТЫП ҚАЙҒЫРҒАН ЖАБЫРҚАУ КӨҢІЛДІҢ ДЕ ТІЛІН ТАУЫП, АРМАНҒА ЖЕТЕЛЕЙТІН КҮПИЯ КҮШ, СӘУЛЕСІН ШАШҚАН ЖАРЫҚ НҮР ІСПЕТТЕС. БҰЛ СИҚЫРЛЫ САЗ ӘЛЕМІНІҢ СЫРЫН ӘЛІ ЕШКІМ ТҮҢҒИЫҒЫНА БАТЫП, ТОЛЫҚ АША ҚОЙҒАН ЖОҚ. БІРАҚ, АДАМЗАТ БАЛАСЫ ОСЫ САЗ ӘЛЕМІНІҢ ТҮБІНЕ ҮҢЛІП, МӘН-МАҒЫНАСЫН ҰҒЫНУҒА ТЫРЫСЫП КЕЛЕДІ.

Қазан айының 17 жұлдызында Саран қаласының балалар өнер мектебінде № 6 жалпы білім беретін мектептің оқушыларына арнап «Музыкалық абонемент» атты шара өтті. Республика күні қарсаңында ұйымдастырылған айшықты шарада «Қазақ аспаптық музыкасы - ұлттық аспаптар» атты дәріс-концерт ұйымдастырылған болатын. Ігі шара Қазақстандағы сыбызғышылық дәстүрдің қайта жандануына өлшеусіз үлес қосқан ізденімпаз, музыкатанушы, қазақтың ұлттық музыка аспаптарын жинаушы әрі сол аспаптарды орындаушы, педагог, өнертану ғылымдарының кандидаты, қазақ өнерінің жоқтаушы, жаңғыртушысы, профессор Сарыбаев Болат Шамғалиұлының 95 жылдық мерейтойына арналды.

Музыкатанушы ғалым Болат Сарыбаевтың қазақ ұлт аспаптарын көне қалалардың орнына қазба жұмыстарын жүргізген кезде күл-топырақтың арасынан іздеді, іш пен сырттағы қазақ ауылдарын шарлай жүріп, ескіден қалған аспаптардың

жұқанасын жинақтап жаңғыртты, шетелдік жінангездердің жазбаларындағы саз аспаптары туралы сипаттамаларға шұқшия үңіліп отырып, оларды қолдан құрастырып та шығарды. Нақтылай айтқанда, ғалымның бұл жұмысы – миллиондаған жыл бұрын жер бетінен жойылып кеткен динозаврлар түрінің қаңқасын қайта жаңғыртқанмен бірдей еді.

Шара аясында балалар өнер мектебінің шығармашылық пәндер бойынша оқытушысы Қияшева Марал Ғалымқызы балаларға қазақ халқының түрлі музыкалық аспаптары, олардың пайда болу тарихы, олардың қандай материалдардан жасалғандығы, өзіне тән ерекшеліктері туралы өте қызықты деректерден мысал келтіре отырып айтып берді.

Балалар шаңқобыз, қылқобыз, сазсырнай, асатаяқ, даңғыра, қоңырау, шергер, тұяқ секілді сирек кездесетін құралдармен танысты. Әрине, олар ұлттық аспаптарды тек көздерімен көріп қана қоймай, өнер мектебінің қазақ халық аспаптары бөлімінің



оқушыларының орындауында ең танымал аспаптар – домбыра мен қобыздың дыбысына да қанығып, ерекше ләззатқа бөленді хәм қазақтың, тіпті ежелгі түркі бабалардың әлеміне саяхаттап қайтқандай әсер алды.

Балалар өнер мектебінің оқытушылары Г. Абжатов мен К. Абжатовтардан тәлім алып жүрген 5 сынып оқушылары Нұралы Шәйкен мен Аружан Алиевалар домбырамен күй шертсе, аталған өнер мектебінің оқытушылары С. Төлепова мен концертмейстері Н. Анцупованың қол астында тәлім алып жүрген 2 сынып оқушысы Көркем Қажымұрат қасиетті қобыздың үнін жаңғыртты.

Дәріс-концерт барысында өнер мектебінің қазақ халық аспаптары бөлімінің оқушылары Құрманғазының «Адай» күйін, Ә. Желдібаевтың «Ерке сұлқым» күйін, «Жастар биі» ұлттық күйлері мен Н. Качурбинаның «Мишка с куклой» атты туындыларын орындап берді.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, аталған іс-шараның бір ерекшелігі таныстырылған музыкалық аспаптардың барлығының да сурет немесе картинка түрінде емес, керісінше оқушылардың оларды кәнігі

нақты көзбен көріп, қолмен ұстай алуларында болды дейді.

Сонымен қатар, шара барысында Марал Ғалымқызы Қазақстандағы сыбызғышылық дәстүрдің қайта жандануына өлшеусіз үлес қосқан ізденімпаз, музыкатанушы, қазақтың ұлттық музыка аспаптарын жинаушы әрі сол аспаптарды орындаушы, педагог, өнертану ғылымдарының кандидаты, қазақ өнерінің жоқтаушы, жаңғыртушысы, профессор Сарыбаев Болат Шамғалиұлы туралы да аз-кем тілге тиек ете кетті.

Мұндай музыкалық дәрістерді өткізу оқушылардың ой-өрісін кеңейтуге, балалардың бойында әсемдікке, патриоттыққа, туған жерге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеуге ықпал ететіні сөзсіз.

Себебі, кездейсоқ хәм достық атмосферада ұйымдастырылған шара № 6 жалпы білім беретін мектеп оқушыларының әңгімеге белсенді қатысуына ықпал етті. Балалар өздерін қызықтырған сұрақтарға тұщымды жауаптарын алып, шара соңында өнер мектебінің қазақ халық аспаптары бөлімінде оқитын құрдастарына дәріс-концерт аясында алған өз әсерлерімен бөлісіп, оларға ерекше ықылас пен зор құрмет танытып жатты.



БҮЛДІРШІНДЕР ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ОРДАСЫНДА

Шапағат ҚОСШЫҒҰЛОВ

РЕСПУБЛИКА КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА САРАН ҚАЛАСЫНЫҢ БАЛАЛАР ӨНЕР МЕКТЕБІНДЕ ҚАЗАН АЙЫНЫҢ 13-21 АРАЛЫҒЫНДА ШАҒАРДАҒЫ БАЛАБАҚШАЛАР ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРІНЕ АРНАЛҒАН «АШЫҚ ЕСІК КҮНДЕРІ» ӨТТІ.



Аталмыш шара қазақтың ұлттың салт-дәстүрін, әдет-ғұрыптарын бүлдіршіндердің бойына сіңіре отырып, болашақ ұрпақтың білімді, өнерлі, өнегелі болып өсуіне, қолөнер мен би өнерін көрсете отырып, ұлттық өнерге деген қызығушылықтарын арттырып, бойындағы бар қасиеттерді одан әрі дамыту мақсатында ұйымдастырылды. Қарашаның 13 мен 21 жұлдыздағы аралығында өткен іс-шараға күн сайын «Малыш», «Сәуле»,

«Колокольчик», «Березка», «Балғын», «Колобок», «Бахыт» балабақшаларының тәрбиеленушілері экскурсия жасап, өнер мектебінің шығармашылық өмірімен танысты.

Бүгінгі ғылым мен техниканың дамыған заманында ұлттық қолөнеріміз жас ұрпақ үшін қалыс болып бара жатқаны бәрімізге аян. Сондықтан ұмыт болып бара жатқан қолөнерімізді қолға алып, одан әрі дамытып, кәдемізге жарату керек

деп ойлайтын өнер мектебінің ұжымы осы бағытта тыңбай етіп келе жатқан жайылары бар.

Қазіргі кезде егеменді елімізде жастарға әсемдік тәрбие беруде ерте заманның мәдени мұрасы айрықша қызмет атқарады. Сондықтан ұлттық қолөнерді қайта жаңғыртудың бірден – бір жолы өнер мектептеріне балабақша тәрбиеленушілерін шақырып, өнерлі ұстаздардың өнерін бойларына сіңірту керек деп ойлаймыз дейді ұйымдастырушылар.

Бүгінгі таңда өнер мектебінің көркем-сурет бөлімінде Филатова В.Ю., Бейсекеева С.А., Солодкова С.А., Хванцева Т.М., Сүлейменова Г.Ш., Савельева Я.В. сынды сан ғасырлық тарихы бар, дегенмен қазіргі заман ағымына сай кейбір өзгерістерге ұшырап келе жатқан қолөнер түрлерін қаншама жылдар бойы жас ұрпаққа дәріптеп, насихаттар жүрген білікті ұстаздар жұмыс жасайды. Іс-шара барысында халқымыздың ою, тігу, құрастыру, тоқу, мүсіндеу, бейнелеу сияқты ұлттық қолөнер түрлерін шебер меңгерген оқытушылар балабақша тәрбиеленушілерінің назарына «Республика күні» тақырыбына арнап салған көптеген суреттерін, ермексаздан жасаған мүсіндерін, киізден басқан ою-өрнектерін ұсынса керек-ті. Өз кезегінде балабақшалардан келген бүлдіршіндер мамандардың жұмыстарын қызықтап қана қоймай, олармен бірлесіп өз туындыларын жасауға да тырысқан көрінеді.

Одан бөлек қазақта би өнері де бар емес пе. Би өнері сонау ықылым заманның өзінде-ақ, қазақтың ұлттық өнерінің бір бұтағына айналғаны айқын. Қазақ би өнерінің түп тамыры ғасырлар қойнауынан нәр алып, бүгінде еліміздегі кәсіби бишілер, би ансамбльдері мен өнер мектептерімен жалғасып отыр.

Бір апталық уақытта созылған іс-шара барысында Прадан Л.Н., Попова М.В., Санархан А. сынды хореография бөлімінің тәжірибелі ұстаздары өз шеберліктерін ортаға салып, сонысымен балабақша тәрбиеленушілерінің көңілдерінен шықса керек-ті. Сонымен қатар, олар бүлдіршіндерге қазақ биінің ұлттық дәстүрді, салтты танытатын өнердің төресі екендігін айта отырып, оның арқауы халықтың жан дүниесі, оның таным-түсінігі, табиғатпен байланысы екендігін би арқылы жеткізуге тырысқан екен. Ал бүлдіршіндер болса, осының бәрі кез келген бидің құрылымынан, болмысынан айшықты көрініс тауып жататынына көз жеткізгендей әсер алды дейді балабақша тәрбиешілері.

Иә, біз - қазақ қашаннан да ат жалын тартып мініп, ұлттық дәстүрімізді мейлінше қастарлеп, еліміз бен жеріміздің тыныштығын берік сақтап келген халықпыз. Біздегі адами өсімнің ең ошағы бұл - бала. Ал әр ата-ана өз баласының рухани білімді, өнерлі, ел қатарлы болуын қалайды. Жаман әдеттерден аулақ болуын әдетте есте сақтап жүреді. Ал, уақыты бос бала жамандыққа тез әуес болуы мүмкін. Өйткені, ол бала жағымды әуеннен әдеміліктен хабарсыз болады. Балаға рухани, адамгершілік, білім беретін бұл арнайы ашылған орталар. Осы арқыла да кешегі бала бүгінгі білікті азаматқа айналары хақ.

Өнер додаларында баланың алған жеңісі бәйгерелде топ жарған ездегі қуанышы, осының бәрі рухани капиталдың үлкен жетістіктеріне айналары сөзсіз. Осындай үнемі дайындық үстінде жүретін баланы жаманшылық істеп, жаман нәрсеге әуес болудан ары болады. Қазақта «өнерлі өрге жүзеді»- деген мәтелдің негізі осында жатса керек.

Саран қалалық мәслихатының ШЕШІМІ

Саран қ. № «___» _____ 2022 жыл

САРАН ҚАЛАСЫ ЖӘНЕ АҚТАС КЕНТІ БОЙНША ХАЛЫҚ ҮШІН ҚАТТЫ ТҰРМЫСТЫҚ ҚАЛДЫҚТАРДЫ ЖИНАУҒА, ТАСЫМАЛДАУҒА, СҰРЫПТАУҒА ЖӘНЕ КӨМУГЕ АРНАЛҒАН ТАРИФТЕРДІ БЕКІТУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының Экологиялық Кодексінің 365-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Саран қаласының мәслихаты ШЕШТІ:

1. Саран қаласы және Ақтас кенті бойнша халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Саран қаласы бойнша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы Қарағанды облысы Саран қалалық мәслихатының 2019 жылғы 26 қыркүйектегі №445 шешімінің күші жойылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ө. Баймағанбетов,
Саран қаласы мәслихатының хатшысы

Шешімге қосымша

САРАН ҚАЛАСЫ ЖӘНЕ АҚТАС КЕНТІ БОЙНША ХАЛЫҚ ҮШІН ҚАТТЫ ТҰРМЫСТЫҚ ҚАЛДЫҚТАРДЫ ЖИНАУҒА, ТАСЫМАЛДАУҒА, СҰРЫПТАУҒА ЖӘНЕ КӨМУГЕ АРНАЛҒАН ТАРИФТЕР

Атауы	Есептік бірлік	Тенге (Қосылған құн салығысыз)
Жайлы үйлер	1 тұрғын айына	213,66
Жайлы емес үйлер	1 тұрғын айына	291,36
Жеке және заңды тұлғалар үшін	1 м ³	2330,86

РЕШЕНИЕ Саранского городского маслихата

город Сарань № _____ от «___» _____ 2022 года

ОБ УТВЕРЖДЕНИИ ТАРИФА ДЛЯ НАСЕЛЕНИЯ НА СБОР, ТРАНСПОРТИРОВКУ, СОРТИРОВКУ И ЗАХОРОНЕНИЕ ТВЕРДЫХ БЫТОВЫХ ОТХОДОВ ПО ГОРОДУ САРАНИ И ПОСЕЛКУ АҚТАС

В соответствии с подпунктом 3 пункта 3 статьи 365 Экологического кодекса Республики Казахстан, подпунктом 15 пункта 1 статьи 6 Закона Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», маслихат города Сарани РЕШИЛ:

1. Утвердить по городу Сарани и поселку Ақтас тарифы для населения на сбор, транспортировку, сортировку и захоронение твердых бытовых отходов согласно приложению к настоящему решению.

2. Признать утратившим силу решение Саранского городского маслихата Карагандинской области от 26 сентября 2019 года № 445 «Об утверждении тарифов на сбор, вывоз, утилизацию, переработку и захоронение твердых бытовых отходов по городу Сарани».

3. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

О. Баймағанбетов,
секретарь Саранского городского маслихата

Приложение к решению

ТАРИФЫ ДЛЯ НАСЕЛЕНИЯ НА СБОР, ТРАНСПОРТИРОВКУ, СОРТИРОВКУ И ЗАХОРОНЕНИЕ ТВЕРДЫХ БЫТОВЫХ ОТХОДОВ ПО ГОРОДУ САРАНИ И ПОСЕЛКУ АҚТАС

Наименование	Расчетная единица	Тенге (Без налога на добавленную стоимость тенге)
Домовладения благоустроенные	в месяц с 1-го жителя	213,66
Домовладения неблагоустроенные	в месяц с 1-го жителя	291,36
Для физических и юридических лиц	1 м ³	2330,86

■ АКТУАЛЬНО

РАССМОТРЕНЫ ВОПРОСЫ УТОЧНЕНИЯ БЮДЖЕТА САРАНИ И ПОСЕЛКА АҚТАС

Надежда ЦХАЙ

На основании статьи 10 Закона Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» и письма акима города на девятнадцатое октября текущего года была созвана 16 внеочередная сессия городского маслихата.



Восемнадцатого октября состоялось заседание постоянной комиссии по вопросам бюджета, экономики и развитию предпринимательства под председательством Ж. Жаяубаева. В работе комиссии приняли участие заместители акима города, аким поселка Ақтас, члены Общественного совета, руководители государственных учреждений.

В ходе состоявшейся комиссии были рассмотрены вопросы о предполагаемых

вносимых изменений в решения седьмой сессии городского маслихата «О городском бюджете на 2022 – 2024 годы», «О бюджете поселка Ақтас на 2022 – 2024 годы», а также об исполнении городского бюджета и бюджета поселка Ақтас за текущие девять месяцев.

Заседание постоянных комиссий также проходило в прямой трансляции на канале Aitube.kz.

По первому вопросу повестки дня



выступила руководитель ГУ «Отдел экономики и финансов г. Сарани» Е. Чиркова, которая отметила, что вносимые уточнения проводятся по инициативе акима города и в связи с увеличением доходной части. Предлагаемые изменения в расходной части планируется распределить по администраторам бюджетных программ по различным направлениям, касающихся жизнеобеспечения нашего города и поселка Ақтас. В частности, по таким направлениям, как обеспечение прав и качества жизни инвалидов, снос ветхого жилья, освещение населенных пунктов, субсидирование пассажирских перевозок по социально значимым маршрутам, ремонт водопроводных сетей, изготовление и установка котлов, праздничное оформление города и т.д.

Аким поселка Ақтас Б. Аканов также представил предложения по уточнению бюджета по программам среди которых такие, как поддержка культурно – досуговой работы на местном уровне и т.д.

Далее вниманию депутатов были представлены отчеты об исполнении бюджетов Сарани и Ақтаса за девять месяцев текущего года. С информацией выступили Е. Чиркова и Б. Аканов. В докладах говорилось об основных направлениях перевыполнения доходной части бюджета и причинах неосвоения средств администраторами бюджетных программ.

В свою очередь депутаты задали ряд вопросов, касающихся исполнения бюджета, а также деятельности администраторов бюджетных программ.

МОНИТОРИНГ ЗА СОСТОЯНИЕМ АТМОСФЕРНОГО ВОЗДУХА ПО ГОРОДУ САРАНИ

РГУ «Саранское городское Управление
санитарно-эпидемиологического контроля»



Загрязнение атмосферного воздуха – большая проблема для всех. Загрязняющие вещества атмосферного воздуха кочуют по всей земной поверхности и равномерно распределяются в воздушной толще. Выбросы загрязняющих веществ оказывают воздействие на качество атмосферного воздуха, устойчивость экосистем и здоровье населения.

На высоте 3-18 км они впитываются в облака, выпадая осадками с вредными примесями. На высоте 40 км повреждают озоновый слой – естественный щит от губительного солнечного ультрафиолета. И до 100 км атмосфера становится все менее прозрачной, разогретая планету и создавая так называемый «парниковый эффект», постепенно меняющий климат.

Источниками загрязнения атмосферного воздуха в городе являются промышленные предприятия и автотранспорт. На контроле имеется 25 объектов имеющих организованные выбросы в атмосферу – все они имеют санитарно-защитные зоны.

Крупными загрязнителями окружающей среды по городу Сарани являются в первую очередь предприятия угольной промышленности АО «АрселорМиттал Темиртау».

Загрязнение атмосферного воздуха остаётся ведущим фактором заболеваемости населения и может вызвать заболевания верхних дыхательных путей, астмы, воспаление век и конъюнктивы, частые головные боли, головноекружение, различные аллергические проявления.

Саранским городским Управлением санитарно-эпидемиологического контроля, в целях обеспечения санитарно-эпидемиологического благополучия населения города, проводится постоянный санитарно-эпидемиологический мониторинг за качеством атмосферного воздуха. Для проведения мониторинга по городу определено 5 контрольных точек.

За 9 месяцев 2022 года состояние атмосферного воздуха на территории города

Сарани оставалось в пределах рекомендуемых гигиенических норм. Так, в текущем году исследовано 45 проб атмосферного воздуха на санитарно-химические показатели (48 показателей), в том числе обнаружено загрязняющих веществ – 18. При этом не обнаружены превышения предельно-допустимой концентрации загрязняющими веществами. В сравнении с аналогичным периодом 2021 года отмечается увеличение обнаруженных загрязняющих веществ в атмосферный воздух в 2 раза, без превышения предельно-допустимой концентрации.

Загрязнения атмосферного воздуха такими загрязнителями как пыль неорганическая, диоксид серы, диоксид азота, формальдегид, сероводород, оксид углерода, аммиак, свинец, сажа, обусловлен несколькими факторами.

Загруженность автодорог транспортом – многокомпонентность выхлопов бензинового и дизельного топлива автотранспорта является одним из основных источников загрязнения атмосферного воздуха населенных пунктов.

Рассеивание эмиссий от промышленных предприятий – результатом производственных процессов при сжигании продуктов промышленности является весь перечень вредных веществ, обуславливающих высокий уровень загрязнённости воздуха.

Причинами увеличения количества взвешенных веществ могут быть как выбросы от дымовых труб жилых частных домов, в сухую и безветренную погоду скапливающиеся в воздухе, образуя смог, так и рассеивание эмиссий от промышленных предприятий.

С целью улучшения воздушного бассейна в регионе, предприятиями разрабатываются мероприятия по оздоровлению воздушного бассейна, текущий и профилактический ремонт очистных сооружений с заменой вышедшего из строя оборудования.

Ежемесячный мониторинг состояния атмосферного воздуха по городу Сарани остаётся на контроле Саранского городского Управления санитарно-эпидемиологического контроля.

ОКАЗАНИЕ ГОСУДАРСТВЕННЫХ УСЛУГ- ЭТО ОСНОВА СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ СТРАНЫ

РГУ «Саранское городское Управление
санитарно-эпидемиологического контроля»



Сейчас мы живем по-новому. Если характер нового общества деловой, то на этом пути у нас есть успехи. В настоящее время осуществляется переход на цифровые технологии. Это, безусловно, внесет свой вклад в повышение качества работы государственных органов. Пандемия ускорила цифровизацию сферы государственных услуг. Сегодня цифровые программы внедрены практически во всех отраслях. Получение государственных услуг встроено в электронную систему. Таким образом, к переходу на цифровизацию была вынуждена сама жизнь. В то время как позже карантинные ограничения были ослаблены, оформление документов в Центрах обслуживания населения, наряду с офлайн, все еще ведется в онлайн-формате.

В соответствии со статьей 9 Кодекса Республики Казахстан «О здоровье народа и системе здравоохранения» служба санитарно-эпидемиологического контроля в санитарно-эпидемиологической сфере населения осуществляет государственный контроль и надзор в сфере санитарно-эпидемиологического благополучия населения, как указано в пункте 5 настоящей статьи. В пункте 3 статьи 36 указанного кодекса в объекты государственного контроля и надзора в сфере санитарно-эпидемиологического благополучия населения (объекты эпидемиологического значения) подразделяются на две группы:

- 1) объекты высокой эпидемиологической значимости;
- 2) объекты незначительной эпидемиологической значимости.

В этой связи, перечень продукции и объектов эпидемиологического значения, подлежащих государственному контролю и надзору в сфере санитарно-эпидемиологического благополучия населения, утвержден приказом министра здравоохранения Республики Казахстан от 30 ноября 2020 года № МЗ-220/2020.

Объекты с высоким эпидемиологическим значением должны получать санитарно-эпидемиологическое заключение. Санитарно-эпидемиологическое заключение - это документ, удостоверяющий соответствие объектов государственного санитарно-эпидемиологического контроля и надзора нормативным правовым актам в сфере санитарно-эпидемиологического благополучия населения. Государственные услуги оказываются в соответствии с приказом МЗ РК-336/2020 от 30 декабря 2020 года № «О некоторых вопросах оказания государственных услуг в сфере санитарно-эпидемиологического благополучия населения»

1. Выдача санитарно-эпидемиологического заключения о соответствии объекта высокой эпидемиологической значимости нормативным правовым актам в сфере санитарно-

эпидемиологического благополучия населения. Государственную услугу можно получить по принципу «одного заявления» в совокупности с государственной услугой «Присвоение учетного номера объекту производства (изготовления) пищевой продукции» - срок оказания государственной услуги – 10 рабочих дней;

2. Выдача санитарно-эпидемиологического заключения о соответствии проектов нормативной документации по предельно допустимым выбросам и предельно допустимым сбросам вредных веществ и физических факторов в окружающую среду, зонам санитарной охраны и санитарно-защитным зонам, на новые виды сырья и продукции нормативным правовым актам в сфере санитарно-эпидемиологического благополучия населения - срок оказания государственной услуги – 10 рабочих дней;

3. Присвоение учетного номера объекту производства пищевой продукции, подлежащим государственному контролю и надзору в сфере санитарно-эпидемиологического благополучия населения - срок оказания государственной услуги – 5 рабочих дней.

Для получения государственных услуг необходимо получить электронно-цифровую подпись (ЭЦП) через НАО Государственная корпорация «Правительство для граждан» (ЦОН), пройти процесс авторизации на веб-портале «Электронного лицензирования», выбрать необходимую государственную услугу, заполнить форму сведений для подачи заявления, прикрепить необходимый перечень документов для получения государственной услуги согласно Приказа и подписать с помощью ЭЦП. При сдаче услугополучателем документов услугополучателю в «личный кабинет» направляется статус о принятии запроса для оказания государственной услуги с указанием даты и времени получения результата государственной услуги. Результат оказания государственной услуги направляется услугополучателю в личный кабинет в форме электронного документа, удостоверенного ЭЦП уполномоченного лица услугодателя.

